Көпжасар Нәрібаев
ҚР ҰҒА академигі

ТЕМІРБЕКТІҢ ТАҒДЫРЫ

Темірбек Қожакеев Қазақстан жоғары мектебінде өзіндік орны бар тұлға. Оның барлық саналы өмірі бір-ақ ұжымда – Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде өтті. 1953 жылы осы университетті үздік бітірген соң мұғалімдік қызметке қалдырылды. Осында жүріп кандидаттық және докторлық жұмыстарын қорғады, профессор атанды. 1972-1986 жылдары университеттің журналистика факультетінің деканы қызметін атқарды. Темекеңнің ұстаздық таланты, басшылық қабілеті, жас таланттарды тани білетін бапкерлік қасиеті осы жылдары кеңінен ашылып, адами мүмкіндіктердің биік шыңына жеткен болатын. Декан Қожакеев жөнінде небір аңыз-әңгімелер айтылатын. Оларды шығарып айтып та, жазып та жүретін өзінің шәкірттері – журналистер қауымы. 1970-ші жылдардан бастап осы күнге дейін аттары әйгілі барлық журналистер Темекеңнің «шекпенінен шыққан» шәкірттері. Өйткені ол кезде журналистер даярлайтын бірақ жоғары оқу орны болатын – ол С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Сонымен қатар мұндай аңыз-әңгімелердің шығуына Т.Қожакеевтің өзі де себепкер болушы еді. Өйткені оның өз жауапкершілігін сезінуі ерекше, қатаң талап қойып, журналистика факультетінде темір тәртіп орнатты. Бұл факультетте кешігу, сабақтан қалу дейтін болмайтын, үлгерім жөнінде де бірінші орынды бермейтін. Бірақ талап қанша қатал болғанмен, әділ болушы еді және оны барлық ұжым (ұстаздар да, студенттер де) мойындайтын. Керек кезінде шәкірттерін қызғыштай қорғап, талай-талай

қиянаттан аман алып қалатын. Ұстаз, тәлімгер ретінде жастардан ақылын аямайтын, ең маңыздысы адал еңбекке баулитын. Шектен шыққандарды иманына келтіріп, тез арада орнына қоя білетін. Шәкірттерінің: «Қожакеевтің қолтоқпағының астында өсіп-жетілдік», – деуі сондықтан.

Темекеңнің тағы бір ерекше қасиеті – факультеттің барлық студенттерінің аты-жөнін, отбасы жағдайын, мінез-құлқын жақсы білетін. Кімнің қолынан не келетінін, болашақта кім болатынын болжап-пішіп, көбісінің көзін ашып, жол сілтеп отыратын. Материалдық жағдайы нашар немесе көпбалалы отбасынан шыққан студенттерді ұмытпай, үнемі көмектесіп жүретін.

Т.Қожакеев декан ретінде өзінің қызметіне барлық күш-жігерін, қажыр-қайратын аямай жұмсаған азамат. Сабаққа студенттерден бұрын келетін, жатақханадан күндіз-түні шықпайтын. Осыншама уақыт пен көңіл-күйді қайдан табатынын білмей әріптестері таң қалатын. Бұл оның қызметіне деген, факультет пен университет ұжымына деген адалдығы еді.

Темекең жалаң белсенді басшы емес, парасатты ғалым. Қазақ әдебиеттануында кенжелеп қалған сатира жанрының ғылыми негізін қалған азамат. «Фельетон мәселелері» (1962 ж.), «Қазіргі қазақ сатирасы» (1966 ж.), «Қазақ сатирасы» (1970 ж.), «Абай – сатирик» (1970 ж.), «XX ғасыр басындағы қазақ сатирасы» (1974 ж.), «Сатира және дәуір» (1976 ж.), «Адам. Қоғам. Сатира» (1980 ж.), «Сатиралық жанрлар» (1983 ж.), «Сатира – күштілер қаруы» (1985 ж.), «Сатира негіздері» (1996 ж.) деген іргелі еңбектерінде сатираның ғылыми қағидаларын анықтап, әдебиеттану ғылымының бір бағыты болып қалыптасуына үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар сатираның туу тарихы мен даму кезеңдерін, қазақ сатирасының түрлерін жан-жақты терең зерттейді. Атап айтқанда – мысал, пародия, эпиграмма, карикатура, шарж, сықақ секілді поэзиялық түрлерін және фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме,

повесть, роман секілді прозалық жанрларын дара-дара талдап, ерекшелік қасиеттерін анықтайды.

Сатираның қоғамдағы орны, тәрбиелік мәні туралы зерделей келіп, адами қасиеттерге жат, кертартпа қылық-тарға қарсы күресте атқаратын рөлін тиімді пайдалану туралы өз ой пікірлерін ұсынады.

Т.Қожакеевтің қазақ баспасөзінің зерттеушісі ретінде де ғылымға қосқан үлесі үлкен. Бұл бағытта ғалым «Қазақ баспасөзінің тарихынан», «Газет жанрлары», «Қазіргі қазақ баспасөзінің тарихынан», «Жыл құстары», «Жас тілшілер серігі», «Көк сеңгірлер», «Сара сөздің сардарлары» атты іргелі еңбектер жазды. Бұл еңбектерінде Темекең қазақ газет, журналдарының теориясы мен тәжірибесін, көрнекті қазақ журналистерінің әдеби мұраларын зерттейді.

Профессор Қожакеев жоғарыда аталған салалар бойынша ғылыми зерттеу жұмысын жүргізіп қана қойған жоқ, олар туралы студенттерге дәріс оқыды. Қазақтың мерзімді баспасөз теориясы мен тарихы, сатира салалары бойынша оқыған Темекеңнің дәрістеріне студенттердің бірі қалмай түгел қатысатын көрінеді. Ол – сабақ сайын түгендеп тексеріп, қорқытып үркітудің нәтижесі емес, оқитын дәрісінің мазмұнды, тартымды, ұлағаты мол әрі қызықты болып өтуінде. Лектор Қожакеев әр тақырыптың мазмұнын толық ашуға, тәрбиелік-өнегелік мәнін жастарға жеткізуге тырысатын. Сапалы білім беріп, саналы маман даярлау үшін әрбір тақырыптың мүмкіндігін толық пайдалану керек,– дейді екен ұлағатты ұстаз.

Мен Темірбек Қожакеевпен 1976 жылдан бастап араласа бастадым. Ол кезде Темекең белгілі ғалым-ұстаз, КазМУ-дың журналистика факультетінің тәжірибелі деканы, аты мен атағы республика жұртшылығына кеңінен танымал тұлға. Мен сол жылы Қазақстанның жоғары және арнаулы орта білім беру министрінің орынбасары қызметіне тағайындалғам. Менің құзырымда басқа міндет-термен қоса қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар бойынша

ғылыми зерттеулер жүргізу және дәріс беру, мамандар даярлау мәселелері кіретін. Сондықтан Т.Қожакеевпен ара қатынасымыз тұрақты және жан-жақты болды.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде екі факультеттің –заң және журналистика факультеттерінің мәртебесі ерекше болатын. Өйткені осы екі мамандық бойынша республикада кадр даярлайтын бірден бір оқу орны ҚазМУ еді. Жаңадан ашылған Қарағанды мемлекеттік университеті бұл мамандықтарды даярлауға енді ғана кіріскен. Екіншіден, осы екі мамандыққа студенттер қабылдаудың ережесі ерекше және қатал болатын. Өндірістік стажға қоса болашақ журналистерге қосымша шығармашылық емтихан-конкурс белгіленген. Олардың баспасөз бетіне жарияланған мақалалары, өлеңжырлары жан-жақты талқыланатын. Содан өткендері ғана қабылдау сынақтарына жіберілетін. Мұндай қатаң талап өз нәтижесін беріп, факультетте оқыту сапасы жоғары деңгейге бағаланып, түлектерінің шығармашылық әлемінде жақсы аты шығып жүретін. Сондықтан журналистика факультетінің жағдайын әркез министрліктің ерекше ықыласында ұстайтынбыз. Факультеттің оқыту-методикалық, техникалық базасы, ұстаздар құрамының сапасы жиі-жиі талқыланып, өз бағасын алып отыратын. Ал факультет деканы білгір маман, білікті басшы, талабы жоғары, ұжым жұмысын дұрыс жолға қоя білген жетекші деп саналатын. Университет ішінде де, республика деңгейінде өткізілетін социалистік жарыстардың жеңімпазы атанып, жылдар бойы бірінші орыннан түспейтін.

Міне соншама жыл факультеттің ыстығына күйіп, суығына тоңып, аянбай тер төгіп жүрген декан Қожакеевке қызғанышпен қарайтындар пайда бола бастады. Біреулерге оның еңбегі жанып, жақсы аты шыға бастағаны жақпаса, екіншілерге, атап айтқанда жалқаулар мен енжарларға, оның әділ де болса қатал талаптары ұнамады. Олар қарап жатпай деканның үстінен арыз жазып, өсек таси бастады.

Университет деңгейінде арыздар тексеріліп, дәлелденбей қолдау таппағаннан кейін, кейбір пысықайларжоғары деңгейге шыға бастады.

Министрлікке де бірнеше арыздар келіп түсті. Тексеріп қарасақ сол баяғы көреалмаушылықтың әсерінен жабылған жала, жағылған күйе. Арызқойларды шақырып сөйлессек, Темекеңнің қатаң талабына қосып қатал сынын, тікмінезділігін айтады. Ал Темекең болса: тәртіп бұзатын жалқаулар және арамтамақтармен мен неге мәймеңкелеп сөйлесуім керек, қайта олардың көзін ашып, қатесін көрсетіп, тәрбиелеп, қатарға қоспаймыз ба? –дейді. Бұл да дұрыс сияқты.

Министрліктен ештеңе шықпайтынын, Т.Қожакеевті қолдайтынын біліп, арызқойлар енді партия органдарына шыға бастады. Мұны Темекеңнің өзі де біліп-болжап отырды. Бұл кездерде біздің ара қатынасымыз жақындап, ресми қызмет бабы шегінен шығып, ағалы-інілі сияқты болып араласып, силасып жүретінбіз. Темекең осы арызқойларға мұрындық болып, олардың басын қосып, ұйымдастырып жүретін азаматты білетін. Бірақ ешуақытта оның атын атап, түсін түстеген емес, оған шара қолданыңдар деп не университет басшылығына, не министрлікке ұсыныс та айтқан емес. Мен өзім ақпын, тазамын, әділмін, аққа жала жабыспайды деп жүре берді.

1985 жылы Қазақстан КП Орталық Комитетіне идеология жөніндегі жаңа хатшы сайланды. Ол кісі жұрфактағы арызқойлардың жетекшісіне жақын адам болып шықты. Содан бастап КазМУде де, журналистика факультетінде де жағдай күрт өзгере бастады. Ректордың, деканның үстінен өсек сөздер қаулап, домалақ арыздар көбейді. Біразына басу айтып, тоқтатып жүрдік. Ол кезде мен министр қызметінде едім, сөйтсе де партия органдары, әсіресе Орталық Комитет біздің пікірмен санаспайтынды шығарды. Мұның шын себептері 1986 ж. желтоқсан оқиғаларынан кейін анықтала бастады.

Жалпы 1986 жыл Қазақстан үшін, әсіресе республиканың жоғары білім жүйесі үшін өте ауыр жыл болды. Жоғары оқу орындары қатты қысымға, қатал сынға ілікті, орынсыз жала жабылды. Көптеген ұстаз-ғалымдарымыз жазықсыз жазаға ұшырады. Бұл мәселеге кеңірек кейін тоқталармыз. Әзірше Т.Қожакеев туралы.

1986 жыл сәуір айында Қазақстан КП Орталық Комитеті өзінің секретариатында КазМУ-дың журналистика факультетінің жұмысын талқылап, декан Т.Қожакеевтің есебін тыңдады. Бұл тарихта болмаған оқиға. Өйткені факультет деканының қызметі Орталық Комитеттің де, Министрліктің құзырына кірмейді. Декан факультеттің ғылыми кеңесінде сайланып, ректордың бұйрығымен бекітіледі. Ереже солай. Ал Орталық Комитеттегілер, мұның бәрін жиып тастап, Т.Қожакеевтің жеке басына тиісе бастады. Мәжіліске министр ретінде мені, ауруханада емделіп жатқан жерінен ректор Ө.А.Жолдасбековті шақырды.

Әдетте мәжілісте есеп берушінің баяндамасы тыңдалып, сұрақ қойылып, оған жауап алып барып мәселе талқыланатын. Бұл жолы олай болмады, баяндаманы үгіт-насихат бөлімінің қызметкері жасады. Отырыс Қожакеевті қаралаудан басталды. Секретариатты жүргізіп отырған екінші хатшы О.С.Мирошхин болғанмен талқылау тізгінін идеология жөніндегі хатшы З.Камалиденов өз қолына мықтап алған сияқты. Ол белгісіз бір хаттардан үзінді оқи бастады, бұл хаттар Темекеңнің жас кезінде қыздарға жазған хаттары екен деп дәлелдемекші болды. Бірақ одан ештеңе шықпады, дәлелдей алмады. Дәлелдегеннің өзінде осыдан 40 жыл бұрынғы боз бала жас жігіттің жазған хатында не шаруасы бар – түсініксіз. Одан кейін Қожакеевтің үстіне жазылған арыздарды санап, олардың өзіне керек жерлерін оқи бастады. Өсек-аяңды осыншама жоғары деңгейдегі орган – Орталық Комитетке шығарып, бықсытып отырғандарына таң қалып біз отырмыз.

Одан кейін алдын ала дайындап қойған қаралау қағаздарына кезек берді. Ол бойынша журналистика факультетінде оқыту сапасы нашар, дайындаған кадрлар деңгейі төмен, журналистердің теориялық білімі және практикалық тәжірибесі жеткіліксіз, студенттер негізінен оңтүстік өңірден, орыс ұлтының балалары өте аз, ұстаздардың көбісі деканның жерлестері мен туыстары, сын айтатындар қудалауға ұшырайды т.с.с. жалғасып кете береді. Университет басшылығы деканды еркіне жіберген, министрлік факультетпен айналыспаған, ондағы жағдайға көңіл бөлмеген, деп бізді де құр қалдырған жоқ.

Т.Қожакеев өз сөзінде өзінің дәйекті деректерін келтіріп барлық айыптауларды жоққа шығарды. Бірақ бұған құлақ қойған ешкім болмады, бар мақсаты Темекеңді кемсіту, таққан кінәні, жапқан жаланы мойындату екен. Осыған көзі жетіп ашынған Қожакеев сөзінің соңында: осыншама жоғары лауазымды азаматсыздар, қалайша өсек-аяңға жол бересіздер, партиялық принцип, әділдіктеріңіз қайда? – деп өздеріне бас салды. Бұл әрине жанған отқа май құйғандай әсер етті. Сөйтіп секретариат дайындаған алғашқы қаулыда: «есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс жариаланып, декандық қызметтен босатылсын, деген жоба болса, кейін оған қосымша енгізіліп: «баласы партиядан, аспирантурадан шығарылсын, өзі кафедра меңгерушілігінен де босатылсын, деген қаулының жаңа нұсқасы қабылданады.

Сонымен осы қаулы бойынша Т.Қожакеев 1986 жылдың 5 мамырында ректордың бұйрығымен декандық және кафедра меңгерушісі қызметінен босатылады. Мұндай әділетсіздікке шыдамаған Темекең КПСС Орталық Комитетінің екінші хатшысы Е.К.Лигачевқа және Қазақстан КП ОК Бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа әділеттікті тілеп хат жолдайды. Бірақ бұл екі хат та айналып келіп идеология хатшысы З.Камалиденовтың қолына түседі. Оның нәтижесі белгілі.

Осы арада Министрліктің Т.Қожакеевке қатысты мына жағдайды анықтай кету керек деп санаймын. Темекеңнің кейбір журналист шәкірттері (Б.Исабаев, С.Әбдірайымов) Қожакеевті орнынан алған Министр К.Нәрібаев деген пікірлерін жазыпты өз естеліктерінде. Бұл қате пікір, өйткені жоғарыда айтып кеткендей, факультет деканының қызметі және кафедра меңгерушісі лауазымы Министрліктің құзырына жатпайды. Сондықтан қандай азамат болмасын бұл қызметтерден Министрлік босата алмайды, өзі тағайындамаған қызметтен қалай босатпақ? Бұл заңға да, ережеге де қарама-қайшы келеді.

Екіншіден, Т.Қожакеевтің университетке, факультетке сіңген орасан зор еңбегін білетін, оның адами қасиеттерін – адалдығын, тазалығын, еңбекқорлығын білетін, ғылымға қосқан үлкен үлесін бағалайтын маған оны қызметтен босату қолымнан келмейтін тірлік. Оның үстіне жалақорлардың кім екенін біле отырып қалайша оны орнынан босатпақпын? Сондықтан жоғарыда айтылған екі азаматтың пікірлері ақиқатты түгел білмейтін, ресми құжаттарды қолына ұстамаған, біреулерден естігенін ғана жаза салған адамдардың пікірі.

Осы пікірдің тууына мына оқиға да себеп болуы мүмкін. 1986 жылдың күзінде Алматыға Одақтық министрдің орынбасары Н.Н.Егоров дейтін кісі келеді. Бұл кісі Одаққа белгілі ғалым (микробиолог), белсенді қайраткер, абыройы жоғары азамат еді. Соны есітіп, оған жолығу үшін министрлікке Т.Қожакеев келіп, мені Егоровқа жолықтырыңыз деп маған өтініш айтты. Екеуі жолығып, Темекең барлық жағдайды айтып таныстырғаннан кейін үшеуіміз отырып ақылдастық. Мен: – Николай Николаевич, жағдаймен толық танысқан боларсыз, не көмек бере аласыз, не ақыл айтасыз, – деп едім, ол кісі:

– Мен бұл жұмысқа тікелей араласа алмаймын, өйткені бұл Қазақстанның ең жоғарғы Партия органының шешімі. Бұл іске араласу Одақтық министрліктің де,

республикалық министрліктің де қолынан келмейді, тәртіп солай. Бізге партия органдарының қызметіне, қабылдаған шешіміне араласуға болмайды. Араласамыз деп біз бүлдіріп аламыз. Одан да сіз, Қожакеев жолдас, КПСС Орталық Комитетіне дұрыстап хат жазыңыз, олар түсінер және бұл жұмыс тек солардың қолынан келеді,– деді.

– Мен жаздым,– деді Темекең – бірақ олар оны Алматыға жіберді, сөйтіп ол хат З.Камалиденовтың қолына түсті, ар жағы өзіңізге белгілі.

– Онда Москваға барып бір хатшының, не Партком-миссия Төрағасының қабылдауын сұраңыз. Одан төмендегілердің қолынан келмейді. Ал сіз, Көпжасар Нарибаевич, деді Егоров маған, бұл кісіге уақытша басқа бір вуздан жұмыс тауып беріңіз. Қазіргі айқай шу басылсын, кейінірек бұл мәселе өзінен өзі-ақ оңтайлы шешілуі мүмкін, бұған уақыт керек. Мен бұл ақылды қолдадым, ал Темекең болса:

– Мәскеуге барып қабылдауды өтініңіз деген ақылыңыз көңілге қонады. Мұны қабыл алам, бұған рақмет. Ал басқа вузға ауысыңыз деген ұсынысыңыз орынсыз. Онда мен өз кінәмді мойындағаным болады. Мен басқа вузға бармаймын, 40 жыл қызмет еткен ұжымды тастай алмаймын, – деп отырып алды.

Міне осы әңгіменің өрісі жоғарыдағы жаңсақ пікірге негіз болуы мүмкін. Дегенмен осы пікірді айтқан азаматтардың екеуі де қара жаяу емес, аңыздан ақиқатты ажырата алатын сауатты мамандар еді. Өкінішке орай олай болмай, жоғарыда айтылған негізсіз әңгімеге жол берілді.

Осыдан кейін Темекең министрлікке келіп-кетіп хал-жағдайын айтып тұратын болды. Бір келгенде:

– Сіз Қонаевқа кіргенде неге айтпайсыз біздің жағдайды. Ол кісі әділдікті қорғамай қалқайып неғып отыр,– дегені бар. Жоғары жақта болып жатқан саяси ойындардан, Кремльдің бықсытқан тірліктерінен хабары жоқ қой Темекеңнің. Мен:

– Қазір Димекеңнің өзіне қорғаушы керек. Мәскеу қасында жүрген кейбір жандайшаптарды ол кісінің өзіне айдап салып отырған жоқпа,– деймін.

– Е-е-е, аналардың құтырып жүргені сол екен ғой,– деді Темекең. Шынында жағдай солай еді. 1986 жылдың ақпан айында өткен Қазақстан Компартиясының XVI съезінде Камалиденовтің жоғары оқу орындарында қазақ балалары шектен тыс көп оқып кетті, басқа ұлт өкілдеріне, әсіресе орыстарға обал болды деп жар салуы сол Кремльдің күші емес пе? Әйтпесе, ол біздің осы күнге дейінгі мақсатымыз қазақтарды оқыту, жеткізу, шаруашылықтың көптеген салаларына жетпей жатқан ұлттық кадрларды даярлау екенін білмеді дейсің бе? Өзімізде жоқ мамандықтар бойынша мыңдаған балаларымызды орталық вуздарға жіберіп оқытып жаттық емес пе?

Қазақтар көп оқып кетті деген пікір Кремльден шыққан пікір екенін Мәскеуден бізге тексеруге келген комиссияда дәлелдеп берді. Мені министр ретінде шақырып тергегендегі ең алғашқы сұрағы да осы болды. Сол жылы (1986) республика бойынша барлық студенттер саны 282,8 мың болса, олардың ішінде қазақтары 53,9%. Ал сол кездегі халық саны 16 млн. адам, қазақтардың үлесі - 38,6%. Осыдан барып олар қазақ студенттерінің үлесі де 38,6% болу керек деген жаңсақ пікір таратқан.

Статистика мен демография ғылымдарының заңы бойынша қазақ студенттерінің үлесін анықтау үшін бүкіл халықтың саны емес, мектеп бітіретін, оқуға түсетін жастардың санын есепке алу керек. Сол жылдары мектеп бітірген балалардың ішінде қазақтардың үлесі 57-58% болып отырған. Олай болса қазақтың көп оқығаны қайда, әлі де болса өз деңгейіне жетпей жатыр емес пе? XVI съезден кейін Д.А. Қонаевтың тікелей тапсырмасы бойынша мен әрбір жоғары оқу орны, әр облыс, бүкіл республика бойынша студенттер мен мұғалімдердің ұлттық құрамын көрсететін мәліметтерді жинақтап, тиісті кестелер

жасап, оларды сараптап,түсініктеме дайындап қойғанмын. Осы материалдарымды комиссия төрағасының алдына тарттым. Өзі экономика ғылымдарының кандидаты екен, статистика ғылымының заңдылықтарын есіне салдым. Қызарып-бозарып, жарылып кетердей әрең шыдап отырды, бірақ айтқанымды мойындады. Ал Москваға оралған соң баяғы әуеніне қайта басып, қазақтар көп оқып кетті деген мәлімдемені растайтын анықтама жазып беріпті. Өздеріне тапсырған «міндетті» ойдағыдай орындаған түрі ғой бұл.

1986 жылдың ауыр жыл болғанын жоғарыда айттым. Республикадағы елім-жерім деген аптал азаматтарымыз қуғын-сүргінге ұшырай бастаған кезі еді бұл. Темірбек Қожакеевтен кейінгі кезек университет ректоры Ө.Жолдасбековке келді. Осы жылғы маусым айының басында мені Орталық Комитеттің бөлім бастығы Е.Асанбаев шақырып, КазМУ-дың ректоры Жолдасбековті орнынан алыңыз деді. Мен:

– Не үшін, оның кінәсі не? Жазығы университеттің керемет қалашығын тұрғызғаны ма, әлде көрнекті ғалымдарды жинап, айтулы оқу орнына айналдырғаны ма? – дедім.

– Үстінен арыз көп, университеттің ахуалы нашар,– деді.

– Қашанғы арызқойларды тыңдайсыңдар, мен бұл ойларыңа қарсымын,– дедім.

– Онда бұл мәселені сенсіз-ақ шешеміз,– деді ол қатулы үнмен.

Айтқандарындай барлық заң мен ережелерді белінен басып өздері шешті. Ары қарай да жазықсыз жандарды жазалау жүріп жатты. Көп кешікпей Қазақ дене шынықтыру институтының ректоры, көрнекті ғалым, профессор Өтешев А.Б., Театр және көркемсурет институтының ректоры, профессор Дәрженов С.Б., Жамбыл педагогика институтының ректоры, атақты ғалым математик, профессор Өтелбаев М.Ө. орындарынан алынды.

Бұрыңғыдай министрлікпен ақылдасу, олардың пікірлері мен ұсыныстарын ескеру жолда қалды.

Өз ішіміздегі ушыққан жағдай аз болғандай, бұған «Правда» және «Известия» газеттері өз үлестерін қосып жатты. Айналдырған 5 айдың ішінде өзара жарысқандай осы екі бас газетке бес мақала шықты: «Протекция» («Известия», Щепоткин), «Старые связи» («Правда», Дильдяев және Петрушов), «Еще раз о старых связях»(«Правда», Дильдяев және Петрушов), «Паутина» («Известия», Щепоткин), «Опальные, но свои» («Известия», Ардаев). Статья авторлары көрнекті ғалымдарымызды, жоғары оқу орындары жетекшілерін жерден алып, жерге салып жатты. Щепоткин дейтін Темірбек Қожакеевке ерекше қарқынмен тиісті. «Шырмауық» деген мақаласында: «Қожакеев журналистика факультетін өз меншігіне айналдырып алған. Төңірегіне туыстары мен өзіне ғана берілген адамдарды жинаған. Олардың кәсіптік деңгейі төмен шала сауаттылар... 33 мұғалімнің 7-уі ғана орыс ұлтынан, олардың үшеуі жасы келген зейнеткерлер», деп соқты. Жалдамалы журналистің Темекеңе басқа таққан айыптары да аз емес. Бірақ соның бәрі бұрынғы Секретариат мәжілісінде айтылған әңгімелер. Демек, бұл мақалалардың барлығы арнайы тапсырыспен жазылған мақалалар екені айдан анық болды.

Өкінішке қарай осы материалдардың барлығы республикалық, облыстық, қалалық, тіпті аудандық газеттерге қайта басылып, олар тиісті партия комитеттерінде талқыланып, ондағы аты аталған азаматтар жазаланып жатты.

Айтулы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы жағдайды одан бетер ушықтырды. Оқиғаның өзі туралы жазылған материалдар жеткілікті, сондықтан мен оның салдары туралы ғана айтайын.

Жазалау мен қаралау үдей түсті. Толық емес ресми мәліметтердің өзіне ғана қарағанда 2,5 мың адам қаланың

ішкі істер бөлімшелеріне жеткізіліп жауапқа тартылды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде 2200 адам, прокуратурада 2400 адам сұраққа ілінді. Сотталған 99 адамның 83-і әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды, 1200 адам лауазымды қызметтен қуылып, 33 мың адам жұмыссыз қалды, 707 адам әкімшілік жолмен жазаланып, 1400 адамға тәртіп қорғау органдары тарапынан қатаң шара қолданылды. Бұл аз болғандай 60 шақты адам партия қатарынан, 758 адам комсомол қатарынан шығарылды, ал партиялық және комсомолдық сөгіс алып жазаланғандарда сан жоқ. Оқудан шығарылған институт студенттері, техникум оқушыларының саны – 266 деген ресми мәлімет бар. Ал шындығын анықтап, тиянақты есеп жүргізгенімізде олардың саны 2-3 есе көп болып шықты. Жараланып, жасақшылардан көрген зорлық-зомбылық азабынан басы жарылып, көзі шығып, қол-аяқтары сынған азаматтардың (қайтыс болып кеткендерді былай қойғанда) толық санын анықтау мүмкін емес екендігі тағы белгілі.

Бір КазМУ-дың өзінен 20-дан аса көрнекті ғалымдар қудаланды. Бар айыбы оңтүстік өңірдің тумалары. Оңтүстіктен шыққан ректорлар да ешқандай талқылаусыз, жөнсіз, жосықсыз орындарынан алынып жатты. Шетел тілдері институттың ректоры Амиров Р.С., Құрылыс және архитектура институтының ректоры Байболов С.М., Халықшаруашылық институтының ректоры Мамыров Н.Қ., Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының ректоры Мұхаметқалиев Т.М., Шымкент химия-технология институтының ректоры Молдабеков Ш.М. жазықсыз және заңды өрескел бұзу жолымен қызметтерінен босатылды. Олардың орнына ұлты қазақ емес кездейсоқ азаматтар (Мильнер, Найденов, Черкасов, Атрушкевич...)тағайындалды. Бірақ институт ұжымдарын лайықты басқаруға олардың шамасы келмей, «өз еркімен» қызметтен босанып, келген жақтарына тайып тұрды.

Желтоқсан оқиғасы басталғаннан 3-4 күн өте Мәскеуден Соломенцев бастаған үлкен жетекші топ келді. Олар болған оқиғаны сараптап, ақыл айтып басудың орнына жан алатын жендеттердей от ала келді. Онсыз да айқай шу болып жатқан республика өңірін одан әрі дүрліктірді. Соғыс уақытында ғана болатын тәртіп орнатып, түні бойы жиналыс өткізумен болды. Ара арасында жоғары оқу орындары ұжымдарымен кездесу ұйымдастырылды.

Алғашқы бет алған ұжым С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті болды. Бастап бара жатқан Соломенцев пен Колбин, оларға ерген Алматы облысы партия ұйымының бірінші хатшысы Меңдібаев, Орталық Комитеттің бөлім меңгерушісі Асанбаев, сол кездегі жоғары және арнаулы орта білім беру министрі – мен.

Кездесуге тек қана жетекшілер шақырылып, 30-35 адам сиятын шағын залда ұйымдастырылыпты. Университет ұжымын түгел шақыруға жүрексінген болулары тиіс, өйткені олардың ішінде шындықты шыңғыртып айтатындары бар ғой.

Кездесу басында университет ректоры Е.Ергожин КазМУ жөнінде біраз мәлімет берді. Содан кейін жиналыс тізгінін Соломенцев өз қолына алды. Болған оқиғаны өз ойынша бағалап, алаңға шыққан жастарды надан, көргенсіз, бұзық, ұлтшыл деген сөздермен балағаттап алып, одан соң университет ұжымына тиісті. Оның айтуынша КазМУ-де Лениннің ұлттық саясаты бұрмаланған, оқуға тек қана қазақтарды алады, сондықтан орыстың балалары амал жоқ Ресейге кетеді. Мұғалімдер тәрбие жұмысын қойған, өз беттерімен кеткен, пара алатындар бар, т.с.с.

Алғашқы сөз алып сөйлеген партия тарихы кафедрасының меңгерушісі профессор Ә.Б. Тұрсынбаев болды. Бәріміз де демімізді ішке тартып тыңдай қалдық, өйткені бұл кісі университеттің бұрынғы ректоры Ө. Жолдасбековпен айтысып жүретін адам еді. Бірақ бұл жолы

ірілік жасап Ө. Жолдасбековтің атын да атамады. Жалпы кемістіктерді айта отырып, тәрбие жұмысының нашарлығын, оның ішінде интернационалдық тәрбиеге көңіл бөлінбейтінін басыңқырап жеткізді. Университеттің партия ұйымының қызметін қатты сынады, парткомның аты да естілмейді, жұмысы да көрінбейді, ал өзі ректораттың көлеңкесінде қалды. Мұндай партком керек емес деп барып, Соломенцевтың сынына былай деп жауап берді: студенттердің шу көтергені рас, бірақ бұл орыстарға қарсы ұйымдастырылған көтеріліс емес, олай деп айтуға негіз жоқ. Сондықтан қазақтарды оқуға орынсыз көп аласыңдар деген әңгіме дұрыс емес. Университетке қабылданғанда ұлтына қарап емес біліміне қарап алу керек.

Бұл сөзден азда болса сескенген Соломенцев алдымен ақталғандай болып сөйлеп алып, артынан тағы өз әуеніне басты.

Одан кейін сөйлеген А.Қасымжанов, О.Сегізбаев, Р.Алшанов өз ойларын айтып, студенттер көтерілісіне баға беріп жатты. Ерекше өз сөзімен көзге түскен журналистика факультетінің деканы болып жарты жыл ғана істеген Козьменко болды. Ол Соломенцевтің сөзін қолдап факультетте де, университетте де студенттердің ұлттық құрамы дұрыс емес, ауылды жерден келгендер өте көп, оларды оқыту әрі тәрбиелеу оңай емес, оқуды бітіргенмен де негізінен астанада, облыс орталықтарында, қалаларда орналасқан баспасөз орындарында жұмыс істеуге олардың шамалары келмейді деп көсілді. Мұғалімдерімізде оңып тұрған жоқ, оның ішінде ұстаз болуға жарамайтындар да бар. Мысалы, осы жылдың май айында Орталық Комитет секретариаты шешімімен декандық қызметінен босап, ұлтшыл, жершіл деп танылған профессор Т.Қожакеев әлі факультетте жұмыс істеп жүр. Бұл жоғары мәртебелі органның шешімін аяққа басу, пікірімен санаспау деген сөз. Қожакеевті университеттен аластау керек деп бөсті.

Кездесудің соңына таман Колбин сөйлегендей болды, мандыртып ештеме айта алмады. Жиналысты Соломенцев өзі қорытып, тағы басып-басып өз ойын қайталады: сендер ұлтшылдықтан құтылыңдар, алаңға шыққан балаларды қатты жазалау керек, қалғандарына сабақ болсын, ол да тәрбиенің бір түрі деп көсемсіді.

Бұл сөздермен шектелмеді, кездесуде көпшілікке ашық айта алмаған тағы да арамниетті ойлары бар екен. Жиналыстан соң ректордың кабинетіне келіп, ертіп барған бізді және университет ректоры мен парткомның хатшысын жайғастырып отырғызып алып, сөзін жалғастырды. Сөйлегендердің ішінен тек қана Козьменконың сөзі ұнапты, оны қайталап айтты, сосын Колбинге бұрылып екеу ара әңгемелескендей болып, бірақ бәрімізге естірте даусын көтере айтқаны: мен Қазақстанда қызмет істеген жылдары Алматыда қазақ тұрғындары 10-15% дан аспаушы еді, қазір қалайша көбейіп кеткен, бұл мәселені қолдан шығармай қадағалап отыру қажет.

Сосын бізге бұрылып – мына көтеріліске шыққан жастардың артында ұйымдастырушылары бар, олар менің байқауымша оңтүстіктен шыққан азаматтар болуы мүмкін. Бәріне бас болып жол сілтеген 2-3 азаматтың кім екенін мен аттарын айтпай-ақ өздерің біліп отырған шығарсыңдар, деп мен жаққа қарап тұздай көзін қадап-қадап алды, осыны анықтау қажет, бұл мәселенің түбіне жету керек,– деп Колбинге тапсырма беріп жатты. Меңдібаев пен Асанбаев бір-біріне жымыңдай қарап көңілдері бір көтеріліп қалды.

Сол жерде отырып, ойға кеттім – шіркін-ай мына сұмның қазақтың осал жерінен ұстағаны ай. Бізді бөліп алып бір бірімізге тағы айдап салмақшы ғой. Бұл әбден өзін ақтаған әдіс. Желтоқсан оқиғасы бойынша бәленің бәрін біз Мәскеудің мойнына артып отырмыз, ол орынды да шығар. Бірақ солардың ойындағысын орындаған, айтқанын істеген, айтақтағанына ерген өзіміздің осы жердегі қазақ басшыларымыз емес пе. Егер қазақта ауызбірлік болса

мыңдаған қыршын жастар жызықсыз жазаланар ма еді, жүздеген ғалым ұстаздар жұмыстан қуылып, қаңғырып қалар ма еді?

Осындайда қынжыла отырып ойлайсың – баяғыдағы аруақты бабаларымыздың «бірігіңдер, ынтымақты болыңдар, сонда ешбір жау ала алмайды», деп берген батасы дарымаған ба қалай? Біріктіріп тығыз буып қойған бір уыс шыбықтардың қанша игенмен сынбайтынын, ал бір бірлеп алып сырт-сырт еткізіп сындырып мысал етіп көрсеткен жоқ па еді ұрпаққа. Көкей-көңілімізге санамызға осының да қонбағаны ма? Көрнекті ғалым-ұстаз Т.Қожакеевті осыншама әуре сарсаңға түсірген де осы алауыздық емес пе?

Әрине бұл бар қазаққа айтылған наз емес, қарапайым халық бұл аурудан аулақ, оларды бір бірінен зорлап бөле алмайсың. Алаңға шыққан жастар Оңтүстік немесе Солтүстік болып бөлінген жоқ. Жазықсыздан жазықсыз жазаланып темір торға түскендер де бір бірінен сен қай жерденсің, кімсің, деп сұраған емес. Бар ауырлықты қазақ болып бірге көтерді, бар қазақтың ортақ намысы үшін күресті, азаматтық танытып араларына жік түсірмеді. Бар бәле билік басындағылар мен солардың қолтығына кірген жандайшаптар мен жағымпаздарда және соларды айтақтап отырған мәскеуліктерде.

Т.Қожакеев Колбиннің КазМУ-ге келіп ұжыммен кездесті деген хабарын естігеннен кейін бір жақсылық болып қалар деген үмітпен Колбиннің атына хат жазды. Бұл 1986 жылғы желтоқсан айының аяғы болатын. Бар сұрағаны болған жағдайды әділетті тексеріп, орынсыз жабылған жаладан арашалау. Бұл хат та сол баяғы идеология хатшысының қолына түседі. Ашуына мінген хатшы университет парткомына және ректорына Қожакеевті партиядан шығарып, жұмыстан қуу туралы тікелей тапсырма береді.

Сөйтіп 1987 жылы 12 қаңтарда шұғыл түрде парткомның мәжілісі шақырылып, Қожакеевтің мәселесі қаралып, ол партиядан шығарылады. Жарты айдан кейін – 1987 жылы 27 қаңтарда парткомның және кәсіподақ комитетінің келісімімен, ректордың бұйрығымен мұғалімдік жұмысынан босатылады.

Осы аты шулы партком мәжілісінде хатшы мен Темекеңнің арасында болған тартысты көз көргендер аңыз етіп айтып жүр. Хатшы: арыз беріп, өз еркіңізбен кетіңіз, әйтпесе партиядан қуыласыз, бұл Камалиденовтің бұйрығы, десе, Темекең өзінің қайтпас қайсар мінезіне салып: қылмысым жоқ, құдайдың бұйрығы болса да 40 жыл өмірімді өткізген университетті тастап кете алмаймын, партия сенің қолжаулығың емес шығар, ал тіпті менің партиялығым сенің қолыңда тұрса, онда білгеніңді істе, деп жауап береді.

Бұл Темекеңнің ешбір әділетсіздікке көнбей, жандайшап басшылардың алдында бас имей, жалтақтамай, жалған жалаларды мойындамай, басқа түскен қиындыққа мойымай, бәріне қасқайып қарсы тұрған ерлік мінезі. Ол кісі қажымай, талмай үш жыл бойы әділетсіздікпен күресті, шындықты іздеді. Ақыры әділеттік орнады, шындық келді, бірақ Бауыржан Момышұлы ағамыз айтқандай кешігіңкіреп келді.

Еліміздегі жағдай кездейсоқ келген Колбин кеткеннен кейін оңала бастады. Оның төңірегінде болған жағымпаздар інге кірген суырдай аттары өше бастады. Еліміз егемендік алды. Билік басына халыққа жаны ашитын азаматтар келді, олар кезінде кеткен кемістіктерді түзетіп, бұрмалауды жойды. Желтоқсанның салдарынан орынсыз жазаланған азаматтар ақталды. Соның бірі мен өзіммін – қазақты көп оқытқан «ұлтшыл» министр ретінде қызметімнен босап, Ғылым академиясына «тәрбиеленуге» жіберілген болатынмын. 1991 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мені КазМУ-ге ректор етіп жіберді.

Темекең менен бір жыл бұрын университетке оралып, филология факультетінде жарты ставкада дәріс беріп жүр екен. Мен келген соң өз факультетіне ауысу жөнінде өтініш айта бастады. Оған журналистика факультетінің ұжымы да қолдау білдіріп, ұсыныстарын берді. Сонымен Темекең 1991 жылы журналистика факультетіне толық қызметке ауысып, көп ұзамай «мерзімді баспасөз» кафедрасына меңгеруші болып сайланды. Содан қашан зейнетке шыққанша сол бұрынғы ынта-жігермен, қажырлықпен қызмет атқарып жүрді. Абыройы бұрынғыдан артық болмаса кем болған жоқ.

1996 жылы университет деңгейінде Темекеңнің 70 жылдық мерей тойын құрметпен атап өттік. Келушілер де, құттықтаушылар да өте көп болды. Университеттегі, Жазушылар одағындағы әріптестері, шәкірттері жиналып Темекеңді басына көтерді десем артық емес. Бұл той кейінірек туған жері Меркіде жалғасты, үлкен деңгейде қазақ ғылымының, білімінің, журналистикасының тойы ретінде өтті.

Т. Қожакеев жөнінде әңгіме айтушылар, естелік жазушылар көбінесе Темекеңнің қиындық көрген кездеріне тоқталады. Барлық бәлеге қарсы тұрған оның қажымаған қайратын, мойымаған мінезін айтады. Бұл орынды да. Т. Қожакеевтің тектілігі де, мықтылығы да оның әділдікке бас иіп, шындыққа табынып өтуінде. Бұл оның өмірлік ұстанымы, тұлғалық кредосы. Өзі бұл туралы былай дейді: «Қоғамның әрбір мүшесі жалтақ, жағымпаз, күнбағар болмай, асқан-тасқан басшылардың теріс іс-әрекетіне тойтарыс беруге жарамды, бетті, ел тағдыры, адам тағдыры шешіліп жатқанда шындық, дұрыстық қасынан табылуға өзін дағдыландырып тәрбиелеуге тиіс.

... Билік иелерінің ыңғайына көнгіштік, солардың аузына қарап, құлдық ұрушылықтың, қайтсе соның көңілін табам, ілтифатына ие болам деп әділдіктің туын құлатудың, өз тыныштығы, өз бас пайдасы үшін шындықты сатып,

басқаларды құрбан етудің кімге зиян, қаншалықты қасірет екенін білесіз бе? Ең алдымен мұндай принципсіздік, тұяқ серіппес тәнтілік... әркімнің өз атына кір келтіретін, абыройсыздыққа душар ететін үлкен қасиетсіздік.

... Әркім-ақ өзіне ие болуға, жалтақтық, жағымпаздық жасамай, өз ары, өз намысы алдындағы жауапкершілікті сезінуі тиіс. Өз қадір-қасиетін, өз құнын, басқаның да ар-ожданын қастерлеуі қажет. Өмірден адам боп, азамат боп өту –парыз екенін еш уақытта ұмытпаған абзал». («Тау тұлғалы Темаға» естелік кітабы, Алматы, 2004, 632-634 б.б.)

Міне, бұл Темекеңнің өмірлік қағидасы. Ол мұны айтып қана қойған жоқ, толығымен осы қағидалармен өмір сүрді. Сондықтан да Темірбек Қожакеевтің артында ел-жұрты, халқы сүйген, қоғам силаған, әріптестері құрмет-теген, шәкірттері табынып бас иген абыройлы, ардақты аты қалды. Бұл ат еш уақытта ұмытылмайды.

Дерек көзі:

Темірбек Қожакеев: Ұстаз. Ғалым. Қайраткер. Естеліктер / Құраст. Мадет Қожакеев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2016. – 19-33-беттер.